- Риддер қ. Риддер қаласы шегінде; Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 100м жоғары; Громотуха және Тихая өзендерінің қосылуынан 1,9 км төмен; (09) оң жағалау тұстамасы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 37,5 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- Риддер қ. Тишинск кенішінен 7,0 км төмен; Громотуха және Тихая өзендері қосылысынан 8,9 км төмен; автокөлік көпірі маңында;(09) оң жағалау тұстамасы: нормаланбайды (>5 класс) жатады: қалқыма заттар – 41,8 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- Өскемен қ. Каменный карьер к. шегінде; су өлшеу бекетінде; (01) сол жағалау тұстамасы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 26,07 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- Өскемен қ. Қала шегінде; Үлбі өзені сағасынан 1 км жоғары; Үлбі көпірінен 0,36 км төмен; (01) сол жағалау тұстамасы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 38,4 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- Өскемен қ. Қала шегінде; Үлбі өзені сағасынан 1 км жоғары; Үлбі көпірінен 0,36 км төмен; (09) оң жағалау тұстамасы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 36,83 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың концентрациясы фондық концентрациядан асады.

**Үлбі өзені бойында** су температурасы 5,1 °С – 7,4 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,31-7,79, судағы еріген оттегінің шоғыры 10,42-10,97 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 0,97-1,20 мг/дм<sup>3</sup>. Түстілігі 77-121 градус. Иісі 0 балл.

Үлбі өзені бойында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 36,1 мг/дм<sup>3</sup>.

#### **Глубочанка өзені:**

- Белоусовка а. шегінде; Белоусовка а. гидрокұрылғыларынан (бөгеттерден) 2,9 км төмен; (09) оң жағалау тұстамасы: су сапасы 5- класқа жатады: қалқыма заттар – 31,47 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

- Белоусовка а. Белоусовка а. шегінде; ауылдың тазалау құрылғыларының шаруашылық қалдық сулары төгінділерінен 0,6 км төмен; Белоусовка а. шекарасынан 0,6 км жоғары; тікелей автокөлік көпірі маңында;(09) оң жағалау тұстамасы: су сапасы 5-класқа жатады: марганец – 0,121 мг/дм<sup>3</sup>.Марганец концентрациясы фондық концентрациядан асады.

- Глубокое а. Глубокое а. шегінде, сағадан 0,5 км жоғары, (01) сол жағалау тұстамасы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 77,17 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың концентрациясы фондық концентрациядан асады.

**Глубочанка өзені бойында** су температурасы 9,0-9,3°С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,27-8,31, судағы еріген оттегінің шоғыры 9,17-9,91 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 1,38-1,60 мг/дм<sup>3</sup>. Түстілігі 28-35 градус. Иісі 0-1 балл

Глубочанка өзені ұзындығы бойынша су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар – 29,6 мг/дм<sup>3</sup>.

#### **Красноярка өзені:**

- Алтайский а. Алтайский а. шегінде гидрокұрылғылардан (бөгеттерден) 60 м төмен; Красноярка өз. сағасынан 24 км жоғары;(09) оң жағалау тұстамасы: су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар – 29,6 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

-Предгорное а. Предгорное а. шегінде; сағадан 3,5 км жоғары; су өлшеу бекетінде; (09) оң жағалау тұстамасы: су сапасы 2-класқа жатады: марганец – 0,070 мг/дм<sup>3</sup>. Марагнец нақты концентрациясы фондық концентрациядан аспайды.

**Красноярка** өзені бойында су температурасы 7,3-7,6 °С, сутегі көрсеткіші 8,30-8,31, судағы еріген оттегінің шоғыры 10,06 -10,26 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 1,02-1,30 мг/дм<sup>3</sup>. Түстілігі 51-62 градус. Иісі 0 балл

Красноярка өзені ұзындығы бойынша су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 40,3 мг/дм<sup>3</sup>.

#### **Оба өзені:**

- Шемонаиха қ. Березовка ө. құйылысынан 1,8 км жоғары;(09) тұстамасы - су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 41,1 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың концентрациясы фондық концентрациядан асады.

-Шемонаиха қ.Камышенка а. шегінде;Таловка ө. құйылысынан 4,1 км төмен; (09) оң жағалау тұстамасы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 34,13 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың концентрациясы фондық концентрациядан асады.

**Оба** өзені бойында су температурасы 8,4-9,4°С, сутегі көрсеткіші 7,77, судағы еріген оттегінің шоғыры 10,57-10,97 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 1,02-1,37 мг/дм<sup>3</sup>. Түстілігі 70-72 градус. Иісі 0 балл.

Оба өзені бойында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 37,6 мг/дм<sup>3</sup>.

#### **Емел өзені:**

**Емел** өзенінде су температурасы 8,2-27,0°С, сутегі көрсеткіші 7,99-8,36, судағы еріген оттегінің шоғыры 7,62-1,1мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 0,61-1,02 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі 55 градус, иіс – 0 балл.

Емель өз. тұстамасы су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар –73,1 мг/дм<sup>3</sup>.

#### **Аягөз өзені:**

**Аягөз** өзенінде су температурасы 15,6°С, сутегі көрсеткіші 8,14, судағы еріген оттегінің шоғыры 8,54 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 0,82 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі 98 градус, иіс – 0 балл.

Аягөз өз. тұстамасы су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 18,2 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық концентрациядан асады.

#### **Марқакөл көлі:**

**Марқакөл** көлінде су температурасы 7,4°С, сутегі көрсеткіші 7,74, судағы еріген оттегінің шоғыры 10,7 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 1,14 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі 19 градус, иіс – 0 балл.

**Марқакөл** көлі тұстамасы су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 38,0 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық концентрациядан асады.

#### **Өскемен су қоймасы:**

Аблакет а. шегінде оң жақ жағалаудан тұстама бойынша 0,24 км ( су қоймасының ұзындығынан 0,2), гидрологиялық 8 а тігімен сәйкес келеді, **8 ап** тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Аблакет а. шегінде оң жақ жағалаудан тұстама бойынша 0,24 км (су қоймасының ұзындығынан 0,2), гидрологиялық 8 а тігімен сәйкес келеді, **8ад** тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Аблакет а. шегінде оң жақ жағалаудан тұстама бойынша 0,6 км ( су қоймасының ұзындығынан 0,5), гидрологиялық 8 б тігімен сәйкес келеді, **8бп** тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,013 мг/дм<sup>3</sup>.

Аблакет а. шегінде оң жақ жағалаудан тұстама бойынша 0,6 км ( су қоймасының ұзындығынан 0,5), гидрологиялық 8 б тігімен сәйкес келеді, **8бд** тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Аблакет а. шегінде оң жақ жағалаудан тұстама бойынша 0,96 км ( су қоймасының ұзындығынан 0,8), гидрологиялық 8 в тігімен сәйкес келеді, **8вп** тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Аблакет а. шегінде оң жақ жағалаудан тұстама бойынша 0,96 км ( су қоймасының ұзындығынан 0,8), гидрологиялық 8 в тігімен сәйкес келеді, **8вд** тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,020 мг/дм<sup>3</sup>.

Огневка а. НГФ сол жақ жағалауынан 0,5 км (су қоймасының ұзындығынан 0,5) гидрологиялық 4 тігімен сәйкес келеді, **4 п** тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,011 мг/дм<sup>3</sup>.

Огневка а. НГФ сол жақ жағалауынан 0,5 км (су қоймасының ұзындығынан 0,5) гидрологиялық 4 тігімен сәйкес келеді, **4 д** тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,012 мг/дм<sup>3</sup>.

Огневка а. сол жақ жағалауынан 0,2 км (су қоймасының ұзындығынан 0,1) гидрологиялық 4а тігімен сәйкес келеді, **4 ап** тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,011 мг/дм<sup>3</sup>.

Огневка а. сол жақ жағалауынан 0,2 км (су қоймасының ұзындығынан 0,1) гидрологиялық 4а тігімен сәйкес келеді, **4 ад** тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,014 мг/дм<sup>3</sup>.

Огневка а. сол жақ жағалауынан 1,8 км (су қоймасының ұзындығынан 0,9) гидрологиялық 4в тігімен сәйкес келеді, **4 вп** тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Серебрянск қ. Серебрянск қаласынан 5,4 км жоғары, сол жағалаудан тұстама бойынша 0,3 км (су қоймасының ұзындығынан 0,5), тігінен 1а, **1 п** тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,015 мг/дм<sup>3</sup>.

Серебрянск қ. Серебрянск қаласынан 0,5 км төмен, оң жағалаудан тұстама бойынша 0,2 км (су қоймасының ұзындығынан 0,17), тігінен 1а, **1 ап** тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,013 мг/дм<sup>3</sup>.

Серебрянск қ. Серебрянск қаласынан 0,5 км төмен, оң жағалаудан тұстама бойынша 0,2 км (су қоймасының ұзындығынан 0,17), тігінен 1а, **1 ад** тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,021 мг/дм<sup>3</sup>.

Серебрянск қ. оң жағалаудан тұстама бойынша 0,8 км (су қоймасының ұзындығынан 0,67), тігінен 1в, **1 вп** тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,013 мг/дм<sup>3</sup>.

Серебрянск қ. оң жағалаудан тұстама бойынша 0,8 км (су қоймасының ұзындығынан 0,67), тігінен 1в, **1 вд** тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,023 мг/дм<sup>3</sup>.

**Өскемен су қоймасы** бойында су температурасы  $5,6^{\circ}\text{C} - 15,2^{\circ}\text{C}$ , сутегі көрсеткіші 7,58-8,06, судағы еріген оттегінің шоғыры  $10,8-11,6 \text{ мг/дм}^3$ ,  $\text{OBT}_5$  0,95-1,90  $\text{мг/дм}^3$ , түстілігі 12,-19 градус, иісі 0 балл.

Өскемен су қоймасы бойында су сапасы 2-класқа жатады: марганец – 0,013  $\text{мг/дм}^3$ .

#### **Бұқтырма су қоймасы:**

Жаңа Бұқтырма а. Соловок тауынан А бойынша  $215^{\circ}$  0,9 км (0,36 су қойманың ұзындығынан), тігінен 1, **1п** тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Жаңа Бұқтырма а. Соловок тауынан А бойынша  $215^{\circ}$  0,9 км (0,36 су қойманың ұзындығынан), тігінен 1, **1д** тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады марганец – 0,012  $\text{мг/дм}^3$ .

Жаңа Бұқтырма а. Соловок тауынан А бойынша  $215^{\circ}$  1,6 км (0,64 су қойманың ұзындығынан), тігінен 1а, **1ап** тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Жаңа Бұқтырма а. Соловок тауынан А бойынша  $215^{\circ}$  1,6 км (0,64 су қойманың ұзындығынан), тігінен 1а, **1ад** тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Хайрузовка а. Нарым өз. сағасынан А бойынша  $254^{\circ}$  20 км ( су қоймасы ұзындығынан 0,85), гидрологиялық 8 тігімен сәйкес келеді, **8п** тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады.

Хайрузовка а. Нарым өз. сағасынан А бойынша  $254^{\circ}$  20 км ( су қоймасы ұзындығынан 0,85), гидрологиялық 8 тігімен сәйкес келеді, **8д** тұстамасында су сапасы 1 класқа жатады: фостфаттар -0,310  $\text{мг/дм}^3$ .

Хайрузовка а. Нарым өз. сағасынан А бойынша  $254^{\circ}$  8,7 км, гидрологиялық 10 тігімен сәйкес келеді, **10п** тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,015  $\text{мг/дм}^3$ , фостфаттар -0,260  $\text{мг/дм}^3$ .

Хайрузовка а. Нарым өз. сағасынан А бойынша  $254^{\circ}$  8,7 км, гидрологиялық 10 тігімен сәйкес келеді, **10д** тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,016  $\text{мг/дм}^3$ , фостфаттар -0,280  $\text{мг/дм}^3$ .

Хайрузовка а. Хайрузовка ауылынан оңтүстікке қарай 3,6 км, 1,7 км (0,07 су қоймасы ұзындығынан) гидрологиялық 12 тігімен сәйкес келеді, **12п** тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,015  $\text{мг/дм}^3$ , фостфаттар -0,300  $\text{мг/дм}^3$ .

Хайрузовка а. Хайрузовка ауылынан оңтүстікке қарай 3,6 км, 1,7 км (0,07 су қоймасы ұзындығынан) гидрологиялық 12 тігімен сәйкес келеді, **12д** тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,012  $\text{мг/дм}^3$ , фостфаттар -0,380  $\text{мг/дм}^3$ .

Құйған а., Құйған ауылынан оңтүстік батысқа қарай 1,5 км, нефтебаза және НГФ-дан А бойынша  $250^{\circ}$  1,8 км (су қоймасының ұзындығынан 0,5), гидрологиялық 17 тігімен сәйкес келеді, **17п** тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,012  $\text{мг/дм}^3$ , фостфаттар -0,240  $\text{мг/дм}^3$ .

Құйған а., Құйған ауылынан оңтүстік батысқа қарай 1,5 км, нефтебаза және НГФ-дан А бойынша  $250^{\circ}$  1,8 км (су қоймасының ұзындығынан 0,5), гидрологиялық 17 тігімен сәйкес келеді, **17д** тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,020  $\text{мг/дм}^3$ , фостфаттар -0,280  $\text{мг/дм}^3$ .

Қаракас қысқаруы, төменгі Қаракас а. ОШ қарай 1,6 км, төменгі Қаракастың оңтүстік шекарасынан 1 км ( су қоймасының ұзындығынан 0,52), гидрологиялық

20-тігімен сәйкес келеді, **20п** тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,016 мг/дм<sup>3</sup>, фосфаттар -0,220 мг/дм<sup>3</sup>.

Крестовка а., азимут бойынша 270°, ара қашықтығы 2,5, тереңдігі 5,0, тігінен 4; **4п** тұстамасында су сапасы 2 класқа жатады: марганец – 0,038 мг/дм<sup>3</sup>, фосфаттар -0,380 мг/дм<sup>3</sup>.

**Бұқтырма су қоймасы** бойында су температурасы 4,8°C-21,8°C, сутегі көрсеткіші 7,12-8,28, судағы еріген оттегінің шоғыры 8,25-10,1 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 0,85-2,45 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі 16-19 градус, иісі 0 балл.

Өскемен су қоймасы бойында су сапасы 2-класқа жатады: марганец – 0,013 мг/дм<sup>3</sup>, фосфаттар -0,247 мг/дм<sup>3</sup>.

2019 жылы 2-тоқсан бойынша Шығыс Қазақстан аумағындағы су объектілерінің су сапасы Бірыңғай жіктеме бойынша келесідей бағаланады:

2-класқа – Өскемен және Бұқтырма су қоймалары жатады, 4-класқа – Қара Ертіс, Тихая, Красноярка өзендері, 5 – класқа Ертіс, Глубочанка, Емель және Ертіс өзендері; >5 класқа – Бұқтырма, Үлбі, Оба, Аягөз өзендері және Марқакөл көлі жатады.

*Ауыл шаруашылығы министрінің 20.02.2015 жылғы №18-04/120 бұйрығына сәйкес Ертіс өзені халықаралық және Республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су айдындары мен учаскелерінің тізбесіне кіреді. Осыған байланысты Ертіс және Қара Ертіс өзен суларының сапасын бағалау қосымша балық шаруашылығы ШЖШ және СЛКИ пайдалану арқылы орындалды.*

**Ертіс** өзенінде су температурасы 6,2°C – 8,8°C шегінде, сутегі көрсеткіші - 7,90, судағы еріген оттегінің шоғыры – 11,15 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 1,37 мг/дм<sup>3</sup>. Ауыр металдар (мыс (2+) – 2,4 ШЖШ, марганец (2+) – 1,8 ШЖШ, мырыш (2+) – 1,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

**Қара Ертіс** өзені Боран а. тұстамасында өзенінде (Боран а.) су температурасы 5,2-22,4°C шегінде, сутегі көрсеткіші 7,53, судағы еріген оттегінің шоғыры 9,60 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 1,73 мг/дм<sup>3</sup>. Ауыр металдар (мыс (2+) 1,8 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

**Өскемен су қоймасында** су температурасы 5,6 °C – 15,2 °C шегінде, сутегі көрсеткіші - 7,90, судағы еріген оттегінің шоғыры – 11,09 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 1,48 мг/дм<sup>3</sup>. Ауыр металдар (мыс (2+) – 1,8 ШЖШ, марганец (2+) 1,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

**Бұқтырма су қоймасында** су 4,8 °C – 21,8 °C шегінде, сутегі көрсеткіші - 7,76, судағы еріген оттегінің шоғыры – 9,27 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 1,47 мг/дм<sup>3</sup>. Ауыр металдар (мыс (2+) – 1,2 ШЖШ, марганец (2+) 1,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

2019 жылы 2-тоқсан бойынша Шығыс Қазақстан облысы аумағындағы Ертіс, Қара Ертіс өзендерінің және Бұқтырма су қоймаларының су сапасы «ластанудың орташа деңгейінде» деп бағаланады.

2018 жылғы 2-тоқсанымен салыстырғанда Ертіс, Қара Ертіс өзендерінің және Бұқтырма су қоймаларының су сапасы айтарлықтай өзгермеген.

## **5.9 Гидробиологиялық және токсикологиялық көрсеткіштер бойынша ШҚО аумағындағы жер үсті сулары сапасының сипаттамасы**

2019 ж. сәуір айынан маусым айына дейінгі жоғарғы Ертіс алабы ағын суларының суы гидробиологиялық көрсеткіштер бойынша бірыңғай емес.

Қара Ертіс, Емел, Ертіс, Бұқтырма, Брекса, Тихая, Үлбі, Глубочанка «Белоусовка а. шегінде; Белоусовка а. гидроқұрылғыларынан (бөгеттерден) 2,9 км төмен; (09) оң жағалау», Красноярка және Оба өзендерінен алынған су сынамалары тірі ағзаларға өткір уытты әсер еткен жоқ.

2019 жылдың 2 тоқсанында ең қолайсыз жағдай сәуір айында Глубочанка өз. «Белоусовка а. шегінде; ауылдың тазалау құрылғыларының шаруашылық қалдық сулары төгінділерінен 0,6 км төмен; Белоусовка а. шекарасынан 0,6 км жоғары; тікелей автокөлік көпірі маңында; (09) оң жағалау» және «Глубокое а. шегінде, сағадан 0,5 км жоғары, (01) сол жағалау» сынамаларында өткір уыттылық тіркелді.

Перифитонның даму көрсеткіштері сапробты индексі бойынша 2019 ж. сәуір маусым аралығында орта есеппен біршама төмен су сапасы Глубочанка өз. (Глубокое а. шегінде, сағадан 0,5 км жоғары) және Красноярка өз. «Предгорное а. Предгорное а. шегінде; сағадан 3,5 км жоғары; су өлшеу бекетінде; (09) оң жағалау» тұстамаларында байқалды. Бұқтырма, Қара Ертіс, Емел, Тихая, Үлбі өз. (Каменный карьер а. шегінде), Глубочанка өз., Красноярка және Оба өз. сәуір мен мамыр айларында көктемгі су тасқыны гидрологиялық ерекшеліктерге байланысты перифитон қалыптасып үлгермеген. Сынамаларда балдырлардың қажетті түрлердің аздығы байқалып сапробты индексті анықтау мүмкін болмады. Сондықтан перифитон көрсеткіші бойынша осы тұстамалардың су сапасы көрсеткішін анықтау қажет емес деп ойлаймыз. Қалған өзендер орташа ластанумен сипатталды.

2019 ж. 2 тоқсанында макрозообентос көрсеткіштері бойынша «таза сулар» санатына келесі өзендерді жатқызуға болады: Қара Ертіс, Ертіс өз. «Предгорное а. Предгорное а. шегінде; Красноярка өзенінің құйылысынан 1 км төмен; (09) оң жағалау», Бұқтырма, Брекса, Үлбі өз. «Каменный карьер а. шегінде» және Оба өзені. Су сапасының ластанған сулар санатына Ертіс өз. (Өскемен қ. 0,8 км СЭС бөгетінен төмен және 0,5 км Конденсаторлы зауыт төгіндісінен төмен), Глубочанка өз. (Белоусовка а. шегінде; ауылдың тазалау құрылғыларының шаруашылық қалдық сулары төгінділерінен 0,6 км төмен; және Глубокое а. шегінде 0,5 км құйылысынан жоғары), Красноярка өз. (Предгорное а. шегінде) жатады. Қалған өзендер орташа ластанумен сипатталды (5-қосымша).

## **5.10 Шығыс Қазақстан облысының радиациялық гамма-фоны**

Гамма сәулелену деңгейіне күн сайын жергілікті 17 метеорологиялық стансада (Ақжар, Аягөз, Дмитриевка, Баршатас, Бақты, Зайсан, Жалғызтөбе, Қатон-Қарағай, Көкпекті, Күршім, Риддер, Самарка, Семей, Үлкен Нарын, Өскемен, Шар, Шемонаиха) бақылау жүргізілді (5.12 сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,04-0,44 мкЗв/ч шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,14 мкЗв/ч, яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді

### 5.11 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 7 метеорологиялық станцияда (Аягөз, Баршатас, Бақты, Зайсан, Көкпекті, Семей, Өскемен) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (5.12-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,7–2,2 Бк/м<sup>2</sup> шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,3 Бк/м<sup>2</sup>, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



5.12-сур. Шығыс Қазақстан облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

## 6 Жамбыл облысының қоршаған орта жай-күйі


### 6.1 Тараз қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 5 стационарлық бекетте жүргізілді (6.1-сур., 6.1-кесте).

6.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Шымкент көшесі, 22	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фторлы сутек, формальдегид, кадмий, кобальт, марганец, қорғасын
2			Рысбек батыр көшесі, 15, Ниетқалиев көшесінің бұрышы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фторлы сутек, формальдегид
3			Абай және Төле би көшелерінің бұрышы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фторлы сутек, формальдегид, бенз(а)пирен, кадмий, кобальт, марганец, қорғасын
4			Байзақ батыр көшесі, 162	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, формальдегид
6	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Сәтбаев көшесі мен Жамбыл даңғылы	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, көміртегі диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак



6.1 сур. Тараз қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **көтеріңкі** болып бағаланды, СИ=2 күкіртті сутегі бойынша №6 бекет аумағында (Сәтбаев көшесі мен Жамбыл даңғылы) және ЕЖҚ=2% (**көтеріңкі**) азот диоксиді бойынша № 3 бекет аумағында (Абай және Төле би көшелерінің бұрышы) анықталды.

Азот диоксиді бойынша орташа айлық шоғырлар – 1,87 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, озон (жер беті) – 1,91 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, құрады, басқа ластаушы заттар мен ауыр металдар ШЖШ-дан аспады.

Қалқыма бөлшектер (шаң) бойынша максималды бір-реттік шоғырлар – 1,0 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азот диоксиді – 1,15 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкіртті сутегі – 2,26 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, фторлы сутегі – 1,40 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, құрады, атмосфералық ауадағы басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады(1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


## 6.2 Жанатас қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.2-сур., 6.2-кесте).

6.2 кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссізрежимде	Тоқтаров көшесі, 27/1 және 27-а	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, азот диоксиді және оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, аммиак



6.2-сурет. Жанатас қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.2-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі *төмен* болып бағаланды, СИ=1 және ЕЖҚ=0% анықталды.

Озон (жер беті) бойынша орташа айлық шоғырлар 2,67 ШЖШ<sub>0.т.</sub> құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Ластаушы заттардың максималды-бір реттік шоғырлары ШЖШ-дан аспады(1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

### 6.3 Қаратау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.3-сур., 6.3-кесте).

6.3- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Тамды әулие, №130	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт

				диоксиді,көміртегі оксиді,озон (жербеті),күкіртті сутегі
--	--	--	--	--



6.3-сурет. Қаратау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.3-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану *көтеріңкі* болып бағаланды, СИ=3 РМ-10 қалқыма бөлшектері бойынша және ЕЖҚ=3% күкіртті сутегі бойынша анықталды.

Озон (жербеті) бойынша орташа айлық шоғырлар 1,97 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бір реттік шоғырлар бойынша РМ-2,5 қалқыма бөлшектері 1,15 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 3,34 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкіртті сутегі 1,14 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, құрады, басқа ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады(1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


#### 6.4 Шу қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.4-сур., 6.4-кесте).

6.4- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Шу қалалық ауруханасының маңында	РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, озон (жербеті),күкіртті сутегі



6.4-сурет. Шу қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.4-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі *көтеріңкі* болып бағаланды, СИ=2 және ЕЖҚ=1 % күкіртті сутегі бойынша анықталды.

\*БҚ сәйкес, егер ӨҚ мен НП әртүрлі мәнді көрсетсе, онда атмосфераның ластану деңгейі мейлінше көп мәнмен бағаланады.

Орташа айлық шоғырлар бойынша ластаушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Күкіртті сутегі бойынша максималды-бір реттік шоғырлар 2,28 ШЖШ<sub>м.б</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.


### 6.5 Қордай кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.5-сур., 6.5-кесте).

6.5-кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Жібек жолы көшесі, №496«А»	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртсутегі, аммиак



6.5 сур. Қордай кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.5-сур.) атмосфералық ауаның жалпы ластану деңгейі *көтеріңкі* болып бағаланды, СИ=1 және ЕЖҚ=0 % анықталды.

Озон (жер беті) бойынша орташа айлық шоғырлар 1,62 ШЖШ<sub>о.т.</sub> құрады, басқа ластанушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Күкіртті сутегі бойынша максималды-бір реттік шоғырлар 1,14 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластанушы заттар шоғыры ШЖШ-дан аспады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары тіркелген жоқ.

### 6.7 Жамбыл облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Жамбыл облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасын бақылау 9 су нысанында жүргізіледі (Талас, Аса, Берікқара, Шу, Ақсу, Қарабалта, Тоқташ, Сарықау өзендері және Биліккөл көлі).

Шу, Талас және Аса өзендерінің бассейні ағындары Қырғызстан Республикасы аумағында іс жүзінде толықтай белгілі нысанға келеді. Ақсу, Қарабалта, Тоқташ, Сарықау өзендері Шу өзенінің тармағы болып келеді.

Бірыңғай жіктеу бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

#### **Талас өзені:**

- тұстама Жасөрген а. 0,7 км жоғары: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 51,8 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Тараз қаласынан 7,5 км жоғары, ГРЭС сарқынды сулары шығарымынан 0,7 км жоғары: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 110,0 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Солнечный кенті, гидробекеттен 0,5 км төмен: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ – 36,4 мг/дм<sup>3</sup>, қалқыма заттар – 96,7 мг/дм<sup>3</sup>. ОХТ және қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Тараз қаласынан 10 км төмен, қант және спирт комбинаттарының фильтрация алқаптарынан шыққан коллекторлы-дренаж суларынан 0,7 км төмен: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 109,7 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама п.Темірбек 0,5 км төменде: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ– 38,7 мг/дм<sup>3</sup>, қалқыма заттар – 70,0 мг/дм<sup>3</sup>.

**Талас** өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 10,2-18,4<sup>0</sup>С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,75-8,15, суда еріген оттегінің шоғыры 8,63-10,4 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 1,17-5,44 мг/дм<sup>3</sup> құрады.

Талас өзенінің су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 90,2 мг/дм<sup>3</sup>.

#### **Аса өзені:**

- тұстама Маймақ т/ж станциясы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 80,3 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- тұстама Аса а. 500м. төмен: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 81,0 мг/дм<sup>3</sup>.

**Аса** өзенінің ұзындығы бойынша су температурасы 6,0-17,4<sup>0</sup>С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,90-8,00, суда еріген оттегінің шоғыры 8,17-9,75 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 1,09-2,62 мг/дм<sup>3</sup> құрады.

Аса өзенінің су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 80,6 мг/дм<sup>3</sup>.

**Берікқара өзені** су температурасы 10,0-19,0<sup>0</sup>С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,90-8,00, суда еріген оттегінің шоғыры 7,79-11,8 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 1,20-1,67 мг/дм<sup>3</sup> құрады.

- Берікқара өзені тұстамасы, тау су ағысы шығысы тұсынан 6 км. оңтүстікке қарай, Абдіқадір а.: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): темір<sup>(3+)</sup> – 0,04 мг/дм<sup>3</sup>, қалқыма заттар – 63,0 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың және темір<sup>(3+)</sup> нақты концентрациясы фондық кластан асады.

**Билікөл көлінің** су температурасы 16,0-25,4<sup>0</sup>С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,75-7,90, суда еріген оттегінің шоғыры 7,09-9,70 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 6,90-11,5 мг/дм<sup>3</sup> құрады.

- тұстама "Ветерок" демалыс аймағы (Жаңаөткел а.): су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОБТ<sub>5</sub> – 8,77 мг/ дм<sup>3</sup>, ОХТ – 48,8 мг/дм<sup>3</sup>, қалқыма заттар – 95,0 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады, ОБТ<sub>5</sub> және ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

#### **Шу өзені**

- тұстама Қайнар а. (Благовещенское а.): су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ХПК – 38,0 мг/дм<sup>3</sup>. ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан асады.

**Шу** өзенінің ұзындығы бойынша температурасы 12,6-22,6<sup>0</sup>С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,40-7,90, суда еріген оттегінің шоғыры 7,94-10,8 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 1,66-4,74 мг/дм<sup>3</sup> құрады.

Шу өзенінің су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ – 38,0 мг/дм<sup>3</sup>.

**Ақсу өзенінің** су температурасы 12,0-19,0<sup>0</sup>С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,70-8,00, суда еріген оттегінің шоғыры 7,94-9,76 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 2,42-4,78 мг/дм<sup>3</sup> құрады.

- тұстама Ақсу а. 0,5 км жоғары, Ақсу өзені сағасынан 10 км: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 234,0 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

**Қарабалта өзені** су температурасы 13,6-19,4<sup>0</sup>С шегінде, сутегі көрсеткіш 7,75-8,15, суда еріген оттегінің шоғыры 8,47-11,8 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 2,60-3,22 мг/дм<sup>3</sup> құрады.

- тұстама Қырғызстанмен шекарада, Баласағұн а., өзен сағасынан 29 км: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 216,0 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

**Тоқташ өзені** су температурасы 13,4-19,2<sup>0</sup>С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,70-8,00, суда еріген оттегінің шоғыры 8,52-10,3 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 2,58-3,10 мг/дм<sup>3</sup> құрады.

- тұстама Қырғызстанмен шекарада, Жауғаш Батыр а. ауыл шетіндегі өзен сағасынан 78 км қашықтықта: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 100,3 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық кластан асады.

**Сарықау өзені** су температурасы 13,2-19,0<sup>0</sup>С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,90-8,10, суда еріген оттегінің шоғыры 9,11-12,2 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 3,10-3,24 мг/дм<sup>3</sup> құрады.

- тұстама Қырғызстанмен шекарада, Шу өзеніне құйғанға дейін 35км, Мерке ауылынан 63 км: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ – 37,4 мг/дм<sup>3</sup>. ОХТ нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Бірыңғай жіктеу бойынша 2019 жылдың 2 тоқсанында Жамбыл облысы аумағындағы су нысандарының су сапасы келесідей бағаланады: нормаланбайды (>5 класс) – Талас, Аса, Берікқара, Шу, Ақсу, Қарабалта, Тоқташ, Сарықау өзендері және Билікөл көлі.

## **6.8 Жамбыл облысының радиациялық гамма-фоны**


Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 3 метеорологиялық стансада (Тараз, Төле би, Шығанақ) жүргізіледі (6.8 - сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,08 – 0,24 мкЗв/сағ. аралығында болды. Радиациялық гамма-фонның орташа мәні облыс бойынша 0,16 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

## **6.9 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы**

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 3 метеорологиялық станцияда (Тараз, Төле би, Шығанақ) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (6.8-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,7 – 2,0 Бк/м<sup>2</sup> аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,3 Бк/м<sup>2</sup>, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



6.8 сур. Жамбыл облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

## 7 Батыс Қазақстан облысының қоршаған орта жай-күйі


### 7.1 Орал қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (7.1-сур., 7.1-кесте).

7.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	№1 өрт сөндіру бөлімінің маңы (Гагарин көшесі, №25 үйдің ауданы)	PM-10 қалқыма бөлшектері, аммиак, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, көміртегі оксиді, күкіртті сутегі, гамма сәулеленудің қуаттылығының эквиваленттік дозасы
3			Киров атындағы саябақтың маңы (Даумов көшесі)	PM-10 қалқыма бөлшектері, аммиак, азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, көміртегі оксиді, күкіртті сутегі, гамма сәулеленудің қуаттылығының эквиваленттік дозасы, озон (жербеті)
5			Мұхит көшесі («Мирлан» базарының ауданы)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, аммиак, азот диоксиді, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, озон (жербеті),



7.1-сурет. Орал қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **төмен** болып бағаланды, СИ=1 және ЕЖҚ=0% анықталды.

Ластаушы заттардың орташа айлық шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Ластаушы заттардың максималды-бірлік шоғыры ШЖШ-дан аспады (1 кесте)

## 7.2 Орал қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Орал қаласында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (№1 нүкте – «Пластик» зауытының ауданы, Шолохов және Штыбкөшелері; №2 нүкте – «Конденсат» АҚ ауданы, Шаған өз. арқылы көпір ауданы) жүргізілді.

PM-10 қалқыма бөлшектерінің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, күкіртті сутегінің, көмірсутектер қосындысының, аммиактың, бензолдың және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

Бақылау негіздері бойынша барлық ластаушы заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырдан аспады (7.2-кесте).

7.2-кесте

Орал қаласының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың  
максималды шоғыры

Анықталатын қоспалар	№1 нүкте		№2 нүкте	
	q <sub>m</sub> мг/м <sup>3</sup>	q <sub>m</sub> /ШЖШ	q <sub>m</sub> мг/м <sup>3</sup>	q <sub>m</sub> /ШЖШ
PM-10 қалқыма бөлшектері	0,089	0,30	0,06	0,21
Күкірт диоксиді	0,017	0,035	0,016	0,032

Көміртегі оксиді	1,88	0,38	2,58	0,52
Азот диоксиді	0,077	0,385	0,052	0,259
Азот оксиді	0,027	0,068	0,025	0,062
Күкіртті сутегі	0,002	0,291	0,002	0,291
Көмір сутегі сомасы	22,412		21,902	
Аммиак	0,092	0,460	0,097	0,486
Формальдегид	0	0	0	0
Бензол	0,059	0,198	0,077	0,257

### 7.3 Ақсай қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (7.2-сур., 7.3-кесте).

7.3- кесте

#### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
4	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Утвинская көшесі, 17	PM-10 қалқыма бөлшектері күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот оксиді, азот диоксидіозон (жербетті), күкіртті сутек, аммиак, гамма сәулеленудің эквиваленттік дозасының қуаттылығы
7	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Заводская көш. 35	күкірт диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон(жербеті), күкіртті сутегі, аммиак





7.4-сурет. Январцево кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.3-сур.) кенттің атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі төмен болып бағаланды, СИ=1, ЕЖҚ=0% анықталды.

Ластаушы заттардың орташа айлық және максималды-бірлік шоғырлары ШЖШ-дан аспады(1-кесте).

### 7.5 Январцево кентінің эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Январцево кентінде атмосфералық ауаның ластануына бақылау (*Чинарево кенорнының ауданына жақын*) жүргізілді.

PM-10 қалқыма бөлшектерінің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, күкірттісутектің, көмір сутегі сомасының, аммиактың, бензолдың және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

Бақылау негіздері бойынша барлық ластаушы заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырдан аспады(7.6-кесте).

7.6 -кесте

Январцево кентінің бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың  
максимальды шоғыры

Анықталатын қоспалар	Сынама нүктесі	
	$q_{m\text{MG}/\text{M}^3}$	$q_{m\text{ШЖШ}}$
PM-10 қалқыма бөлшектері	0,0650	0,2167
Күкірт диоксиді	0,0071	0,0142

Көміртегі оксиді	1,8041	0,3608
Азот диоксиді	0,0866	0,4330
Азот оксиді	0,0155	0,0386
Күкіртті сутегі	0,0027	0,3350
Көмір сутегі сомасы	23,0090	
Аммиак	0,0185	0,0925
Формальдегид	0	0
Бензол	0,0620	0,2067

## 7.6 Батыс Қазақстан аумағындағы жер үсті су сапасы

Батыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасын бақылау 9 су нысанында Жайық, Шаған, Деркөл, Елек, Шыңғырлау, Сарыөзен, Қараөзен өзендерінде, Көшім су арнасында және Шалқар көлінде жүргізілді.

### **Жайық өзені:**

- тұстама Январцево ауылы: су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар – 29мг/ л. Қалқыма заттар концентрациясы фондық класстан аспайды.

- тұстама Орал қаласынан 0,5 км жоғары: су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар – 27мг/ л. Қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық класстан аспайды.

- тұстама Орал қаласынан 11,2 км төмен, гидробекеті: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 25мг/ л. Қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық класстан аспайды.

- тұстама Көшім ауылы: су 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 25мг/ л. Қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық класстан аспайды.

- тұстама Тайпақ ауылы: су сапасы 2 класқа жатады: ОБТ<sub>5</sub>– 3,23мгО<sub>2</sub>/л. ОБТ<sub>5</sub> нақты концентрациясы фондық класстан асады.

Жайық өзені бойынша су температурасы 0,3-26.0 ° С , сутегі көрсеткішінің орташа мәні 7,42-7,65 құрады, суда ерітілген оттегінің концентрациясы орта есеппен 6.50-15,12мг / дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> орташа 2,40-5.64мг / дм<sup>3</sup> құрады, түсі 3-15 градусқа дейін; иісі - барлық тұстамада 0 балл.

Жайық өзенінің ұзындығы бойынша судың сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 26,2мг/ л.

### **Шаған өзені:**

- тұстама Орал қаласынан 0,4 км жоғары, шұңқырдан 1 км жоғары.: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 25,3мг/ л. Қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық класстан аспайды.

- тұстама шаруашылық тоғаны тасталғаннан 3 км төмен, Шаған өзенінің сағасынан 0,5 км жоғары: су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар – 24,3мг/ л. Қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық класстан аспайды.

- тұстама Чувашинский ауылы: су сапасы 4 класқа жатады: : қалқыма заттар – 25мг/ л. Қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық класстан аспайды.

Шаған өзені бойынша судың температурасы  $0,3-26,2^{\circ}\text{C}$ , сутек көрсеткіші 7,52кұрады, суда ерітілген оттегінің концентрациясы  $10,18\text{мг} / \text{дм}^3$ , ОБТ<sub>5</sub> орташа  $4,32\text{мг}/\text{дм}^3$  құрады, түсі-2-10градус, иісі - 0 балл.

Шаған өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы 4 класқа жатады: қалқыма заттар –  $24,85\text{мг}/\text{л}$ .

#### **Деркөл өзені:**

– тұстама Селекционный ауылы: су сапасы 3 класқа жатады: ОБТ<sub>5</sub>–  $4,22\text{мг}\text{O}_2/\text{л}$ . ОБТ<sub>5</sub> концентрациясы фондық класстан асады.

– тұстама Ростоши ауылы: су сапасы 3 класқа жатады: ОБТ<sub>5</sub>–  $4,94\text{мг}\text{O}_2/\text{л}$ . ОБТ<sub>5</sub> нақты концентрациясы фондық класстан асады.

Деркөл өзені бойынша су температурасы  $0,3-26,5^{\circ}\text{C}$ , сутегі көрсеткіші 7,57кұрады, суда еріген оттегінің концентрациясы  $11,35 \text{мг}/\text{дм}^3$ , ОБТ<sub>5</sub>  $4,40 \text{мг}/\text{дм}^3$  құрады, түсі-4-13градусқа дейін; иісі - 0 балл.

Деркөл өзенінің ұзындығы бойынша судың сапасы 3 класқа жатады- ОБТ<sub>5</sub>–  $4,40\text{мг}\text{O}_2/\text{л}$ ;

#### **Елек өзені:**

– тұстама Шілік ауылы: су сапасы 4 класқа жатады : қалқыма заттар –  $27 \text{мг}/\text{л}$ . Қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық класстан аспайды.

Елек өзені бойынша су температурасы  $13,5^{\circ}\text{C}$ , сутегі көрсеткіші 7,78 құрады, суда еріген оттегінің концентрациясы  $6,50 \text{мг}/\text{дм}^3$ , ОБТ<sub>5</sub>  $2,60 \text{мг}/\text{дм}^3$  құрады, түсі-12градусқа дейін; иісі - 0 балл.

#### **Шыңғырлау өзені:**

– тұстама Григорьевка ауылы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): хлоридтер– $439,58 \text{мг}/\text{л}$ . Хлоридтер нақты концентрациясы фондық класстан асады.

Шыңғырлау өзені бойынша су температурасы  $23,9^{\circ}\text{C}$ , сутегі көрсеткіші 7,56кұрады, суда еріген оттегінің концентрациясы  $6,45 \text{мг}/\text{дм}^3$ , ОБТ<sub>5</sub>  $3,22\text{мг}/\text{дм}^3$  құрады, түсі-8 градусқа дейін; иісі - 0 балл

#### **Сарыөзен өзені:**

– тұстама Бостандық ауылы: су сапасы 5 класқа жатады: қалқыма заттар –  $29 \text{мг}/\text{л}$ . Қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық класстан аспайды.

Сарыөзен өзені бойынша су температурасы  $1,8^{\circ}\text{C}$ , сутегі көрсеткіші 7,44кұрады, суда еріген оттегінің концентрациясы  $7,31 \text{мг}/\text{дм}^3$ , ОБТ<sub>5</sub>  $4,06\text{мг}/\text{дм}^3$  құрады, түсі-10 градусқа дейін; иісі - 0 балл.

#### **Қараөзен өзені:**

– тұстама Жалпақтал ауылы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): хлоридтер– $553,02 \text{мг}/\text{л}$ . Хлоридтер нақты концентрациясы фондық класстан асады.

Қараөзен өзені бойынша су температурасы  $2,0^{\circ}\text{C}$ , сутегі көрсеткіші 7,26кұрады, суда еріген оттегінің концентрациясы  $8,13\text{мг}/\text{дм}^3$ , ОБТ<sub>5</sub>  $4,07\text{мг}/\text{дм}^3$  құрады, түсі-13градусқа дейін; иісі - 0 балл.

#### **Көшім су арнасы:**

– тұстама Көшім ауылы: су сапасы 4 класқа жатады : қалқыма заттар –  $24 \text{мг}/\text{л}$ . Қалқыма заттар нақты концентрациясы фондық класстан аспайды.

Көшім су арнасы бойынша су температурасы  $13,1^{\circ}\text{C}$ , сутегі көрсеткіші 7,48кұрады, суда еріген оттегінің концентрациясы  $5,70 \text{ мг/дм}^3$ , ОБТ<sub>5</sub>  $2,95\text{мг/дм}^3$  құрады, түсі-10 градусқа дейін; иісі - 0 балл.

#### **Шалқар көлі:**

– тұстама Рыбзавод ауылы: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): хлоридтер–2070,28 мг/ л. Хлоридтер нақты концентрациясы фондық класстан асады.

Шалқар көлі бойынша су температурасы  $3,0^{\circ}\text{C}$ , сутегі көрсеткіші 7,47кұрады, суда еріген оттегінің концентрациясы  $5,69 \text{ мг/дм}^3$ , ОБТ<sub>5</sub>  $2,44\text{мг/дм}^3$  құрады, түсі-3 градусқа дейін; иісі - 0 балл.

Бірыңғай жіктеме бойынша 2019 жылғы 2 тоқсандағы Батыс Қазақстан облысы аумағындағы су объектілерінің су сапасы былайша бағаланады: 3-класс-Деркөл өзені, 4 класс – Шаған, Жайық, Елек өзендері мен Көшім су арнасы; 5 класс-Сарыөзен өзені; нормаланбайды (>5 класс) – Шыңғырлау өзені, Қараөзен өзені, Шалқар көлі.

### **7.7 Батыс Қазақстан облысының радиациялық гамма-фоны**

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 2 метеорологиялық станцияларда (Орал, Тайпак) және Орал қаласының (№2, 3 ЛББ) мен Ақсай қаласының (№4 ЛББ)3 автоматты бекеттерде бақылау жүргізілді (7.5 - сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні  $0,04 - 0,25 \text{ мкЗв/сағ.}$  аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні  $0,12 \text{ мкЗв/сағ.}$ , яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

### **7.8 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы**

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 2 метеорологиялық станцияда (Орал, Тайпак)ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (7.5-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы  $0,7 - 2,0 \text{ Бк/м}^2$  аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы  $1,3 \text{ Бк/м}^2$ , бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



7.7 сур. Батыс Қазақстан облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

## 8. Қарағанды облысының қоршаған ортажай-күйі

### 8.1 Қарағанды қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 7 стационарлық бекетте жүргізілді (8.1-сур., 8.1-кесте).

8.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 4 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Стартовый, 61/7 бұрылысы, аэрологиялық станция, Қарағанды МС аумағы(ескі аэропорт аумағы)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол
3	тәулігіне 3 рет		Ленин көшесі мен Бұқар-Жырау даңғылы 1 бұрышы	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, формальдегид
4			Бирюзов көшесі, 15 (жаңа Майкұдық)	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол, формальдегид

7			Ермеков көшесі, 116	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,көміртегі оксиді,азот диоксиді,азот оксиді,фенол
Фитопланктон жақсы дамыды. Су сынамасында балдырлардың барлық топтары кездесті. Диатомды балдырлар басым болып, жалпы биомассаның 67% құрады. Су сынамасындағы түрлердің орташа саны 17. Альгофлораның жалпы саны 0,4 мың кл/см<sup>3</sup>, жалпы биомассасы 0,044 мг/дм<sup>3</sup> тең болды. Жоғары сапроб индекстері Теміртау қаласы, "бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 1км төмен..."-2,08,"Сабынды ауылы" ауылы тұстамаларында 2,06 көрсетті.Орташа сапроб индексі 1,92, яғни үшінші класқа сәйкес орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Есептегі айда зоопланктон әртүрлілігімен ерекшеленбеді. Су сынамасындағы түрлер саны 2-3. Ескеқаяқты шаяндар басым болып, жалпы планктон санының 65% құрады. Талшықмұртты шаяндар 19%, домалақ құрттар 16% кездесті. Жалпы орташа саны 1,17 мың дана/м<sup>3</sup>, ал биомассасы 10,14 мг/м<sup>3</sup> құрады. Сапроб индексі 1,77 – 2,10 аралығында болып, өзен бойынша орташа сан 1,92. Зоопланктон жағдайына байланысты, су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Нұра өзеніндегі перифитон бірлестігі диатомды, жасыл және көк-жасыл балдырлардан, сонымен қатар кірпікшелі инфузориялардан құралды. Сапроб индексі бетамезосапробты аймақты қамтыды. Зерттеу нәтижесіне сәйкес, мамыр айында ерекше лас аймақтарға Теміртау қаласы, "бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 1 км төмен..." және "Ынтымақ су қоймасының төменгі бьефі" (2,01;2,01); ал маусым айында - "Ақмешіт" және "Нұра" ауылы (2,03;2,08) тұстамалары жатады. Өткен жылдың нәтижелерімен биылғы жылдың қортытындысын салыстырсақ сапроб индексінің жоғары екендігін көрсетіп (1-кесте) орташа индекс 1,92 құрады. Нәтиже су сапасының төмендегенін көрсетіп отыр.

1-кесте

#### Нұра өзенінің тұстамаларында сапроб индекстерінің өзгерістері

№р/с	Тұстама аталуы	Сапроб индексі
------	----------------	----------------

		2-тоқсан 2018ж.	2-тоқсан 2019ж.
1	Нұра өзені, Шешенқара ауылы	1,65	1,87
2	Нұра өзені, Арселор Миттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК» АҚ бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 1 км төмен	1,86	1,90
3	Нұра өзені, Садовое бөлімшесі	1,82	1,93
4	Нұра өзені, Арселор Миттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК» АҚ бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 5,7 км төмен	1,88	1,97
5	Нұра өзені, Жаңа-Талап ауылы	1,95	1,95
6	Нұра өзені, Ынтымақ су қоймасының төменгі бьефі	1,88	1,94
7	Нұра өзені, Ақмешіт ауылы	1,84	1,95
8	Нұра өзені, Нұра ауылы	1,88	1,98
9	Нұра өзені, Сабынды ауылы	1,90	1,87
10	Нұра өзені, Қорғалжын ауылы	1,83	1,79

Зообентосты зерттеу кезеңінде орташа дамыды. Ұлулар, шаянтәрізділер және жәндік дернәсілдері өкілдерінен басқа, гидралар, нематодтар, сүліктер және ақ сұламалар кездесті (2- кесте). Екінші тоқсандағы биотикалық индекс 5 –ке тең болды. Зообентос жағдайына байланысты, үшінші класқа сәйкес орташа ластанған су сапасын көрсетті.

2-кесте

**Бентос бойынша жер үсті суларының сапасына салыстырмалы сипаттама**

Тұстама аталуы	Топтағы түр саны		Биотикалық индекс		Су класы	
	2 - тоқсан 2018ж.	2-тоқсан 2019ж.	2- тоқсан 2018ж.	2- тоқсан 2019ж.	2- тоқсан 2018ж.	2- тоқсан 2019ж.
Нұра өзені, Арселор Миттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК» АҚ бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 1 км төмен	б/ұ-1 к/ұ-5 ж(ж)-2	к/ұ-15 а/к -7 нем.-18 а/с - 25	5	5	3	3
Нұра өзені, Садовое бөлімшесі	б/ұ-1 к/ұ-11 ж(ж)-1 қ-1 с-1	б/ұ-2 к/ұ-2 а/к-2 нем. - 3 ж(ж)-2 с – 2 ш-1	5	5	3	3

Тұстама аталуы	Топтағы түр саны		Биотикалық индекс		Су класы	
	2 - тоқсан 2018ж.	2-тоқсан 2019ж.	2-тоқсан 2018ж.	2-тоқсан 2019ж.	2-тоқсан 2018ж.	2-тоқсан 2019ж.
Нұра өзені, Арселор Миттал Теміртау» АҚ және «ТЭМК»АҚ бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 5,7 км төмен	б/ұ-1 к/ұ-6 ж-3 ж(к)-1 ж(ж)-1	г-3 к/ұ-14 а/қ-2 ж(к/к)-4 ж(ж)-1 нем. – 5 ш - 1	5	5	3	3
Нұра өзені, Жана-Талап ауылы	б/ұ-4 к/ұ-3 с-2	г - 4 б/ұ-6 к/ұ-3 а/қ -6 нем. - 2 ж(ж)-9 а/с-3	5	5	3	3
Нұра өзені, Ынтымақ су қоймасының төменгі бьефі	б/ұ-8 а/қ -2 с-3	б/ұ-4 ж(ж)-1	5	5	3	3
Нұра өзені, Ақмешіт ауылы	ж(к/к)-7 ж(ж)-2 ш-2	ж(ж)-1 ш-10	5	5	3	3
Нұра өзені, Нұра ауылы	б/ұ-2 к/ұ-1 ж-1 қ-1 ж(ж)-1 ш-3 ж(б)-1	б/ұ-3 к/ұ-1 ж(к/к)-5	5	5	3	3
Нұра өзені, Сабынды ауылы	б/ұ-6 қ-1	а/қ-5 ж-2 қ-4 ш-1	5	5	3	3
Нұра өзені, Қорғалжын ауылы	б/ұ-19 қ-4	б/ұ-8 ж(к)-1 ж(ж)-7 с-1	5	5	3	3

*Ескертпе:*

қ/ұ – қосжақтаулы ұлу;  
с - сүліктер;  
ж - жәндіктер;  
ж(к) - көктемдіктер;  
қ - қандала;  
ж(қ/к) - қосқанаттылар;  
г-гидра;  
а/с – ақ сұлама;

б/ұ – бауыраяқты ұлу;  
нем.- нематодтар;  
ш - шаянтәрізділер;  
а/с – ақ сұлама;  
ж(қ) - қоңыздар;  
ж (ж) – жылгалықтар;  
а/қ – аз қылтанды құрттар;

Биотестілеу бойынша сынақ объектісіне ешқандай уытты әсер табылған жоқ. Зерттелетін уақыт кезеңінде барлық бақылау нүктелерінде дафниялардың тірі қалуы 100% көрсетті. Тест-көрсеткіш 0% болды.

### **Шерубайнұра өзені**

Альгофлораның саны мен биомассасын диатомды балдырлар құрап, жалпы биомассаның 94% құрады. Жасыл және көк-жасыл балдырлар шамалы болды. Өзге балдыр түрлері кездеспеді. Жалпы саны 1,27 мың дана/м<sup>3</sup>, жалпы биомассасы – 0,07 мг/дм<sup>3</sup>. Су сынамасындағы түрлер саны – 21, сапроб индексі - 1,86. Яғни орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зоопланктон бірлестігі орташа дамыды. Негізгі рөлді домалақ құрттар атқарып, зоопланктонның жалпы биомассасының 43% құрады. Ескекаяқты шаяндар үлесіне 39% , ал талшық мұртты шаяндар үлесіне 14% дан келді. Жалпы орташа саны 1,42 мың дана/м<sup>3</sup>, ал биомассасы 7,38 мг/м<sup>3</sup> құрады. Сапроб индексі 2,06. Су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Альгоценоз негізінен диатомды балдырлардан, соның ішінде *Cyclotella*, *Nitzschia*, *Surirella* туыстарынан құралды. Жасыл, көк-жасыл және эвгленалы балдырлар аз мөлшерде кездесті. Орташа сапроб индексі 2,13 болды. Үшінші класты көрсетті.

Шерубайнұра өзенінің өткір уыттылығын анықтау процесінде тест-көрсеткіші 0% құрады. Сынақ объектісіне улы әсер болмады.

### **Қара Кеңгір өзені**

Фитопланктонның жалпы биомассасының 90% -ын диатомды балдырлар, жасыл және көк-жасыл балдыр түрлері 10% көрсетіп, жалпы биомассаны құруға қатысты. Өзге балдыр түрлері кездеспеді. Жалпы саны мен биомассасы 0,16 мың кл/см<sup>3</sup>, 0,014 мг/дм<sup>3</sup>. Су сынамасындағы түр саны – 8. Өзен бойынша орташа сапроб индексі – 1,83, яғни орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зоопланктон орташа дамыған. Су сынамасында зоопланктонның барлық топтары кездесті. Домалақ құрттар зоопланктон санының 51% құрап, басымдылық танытты. Ескекаяқты шаяндар үлесіне - 35%, талшықмұртты шаяндарға 14% тиді. Орташа түрлер саны – 4. Орташа жалпы саны 1,39 мың дана/м<sup>3</sup>, биомассасы 8,69 мг/м<sup>3</sup>. Өзен бойынша орташа сапроб индексі – 1,75, яғни орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Биотестілеу кезінде Қара Кеңгір өзенің бақылағанда тірі қалған дафниялар саны Жезқазған қаласы, "ағынды сулар шығарылымынан 0,2 км жоғары" - 99%, Жезқазған қаласы, "ағынды сулар шығарылымынан 0,5 км төмен" - 99%, Жезқазған қаласы, "ағынды сулар шығарылымынан 5,5 км төмен" - 99% құрады. Алынған мәліметтерге сәйкес, өзен суы тест-нысанға уытты әсер етпейді.

### **Самарқан су қоймасы**

Фитопланктон жақсы дамыды. Негізгі биомасса сәуір-маусым аралығында диатом және жасыл балдырлар арқасында құрылды. Көк-жасыл балдырлар шамалы болды. Өзге балдыр түрлері кездеспеді. Жалпы саны 0,27 мың кл/см<sup>3</sup>, биомассасы

0,035 мг/дм<sup>3</sup>. Су сынамаcындағы түрлер саны – 15. Сапроб индексі 1,94. Су сапасы орташа ластанған.

Зоопланктон сынамаcы орташа дамыды. Ескекаяқты шаяндар 64% құрап, басымдылық көрсетті. Талшық мұртты шаяндар - 30%, ал домалақ құрттар - 6% құрады. Жалпы орташа саны 1,92 мың дана/м<sup>3</sup>, ал биомассасы 16,47 мг/м<sup>3</sup>. Сапроб индексі 1,73 құрап, үшінші класқа сәйкес орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Перифитон бірлестігінде диатомды, жасыл және көк-жасыл балдырлардан құралды. Диатомды балдырлар ішінен *Cymbella*, *Fragilaria*, *Navicula*, *Rhoicosphenia* түрлері басымдылық көрсетті. Жасыл және көк-жасыл балдырлар бір данадан ғана кездесті. Үшінші класқа сәйкес сапроб индексі 1,87. Яғни су сапасы орташа ластанған.

Түпкі фауна бірлестігі қосжақтаулы (*Bivalvia*) ұлулардан – *Sphaerium corneum* ( $\beta$ - $\alpha$ -2,4), шаянтәрізділерден: *Carinogammaru sroeseli*, *Gammarus pulex*, *Paramysis ullskuyi* және жәндік дернәсілдерінен: көктемдіктер (*Plecoptera*), қосқанаттылар (*Diptera*), қоңыздар (*Coleoptera*), жылғалықтар (*Trichoptera*) құралды. Сонымен қатар су сынамаcында сүліктер (*Herpobdella octoculata*) мен аз қылтанды құрттар (*Tubifex sp.*) кездесті. Сапроб аймағы  $\beta$ -мезосапробты қамтыды. Биотикалық индекс - 5. Зерттеу нәтижелері бойынша зообентос, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Биотестілеу кезінде тірі қалған дафниялар саны 100% құрады, тест-көрсеткіші 0% болды. Зерттелген су нысаны *Daphnia magna* – ға уыттылық әсерін тигізбеді.

### **Кеңгір су қоймасы**

Фитопланктон орташа дамыды. Түрлер саны 8-ден аспады. Су сынамаcында балдырлардың барлық топтары кездесті. Диатомды балдырлар басым болды.  $\beta$ -мезосапробты аймақты қамтитын организмдер басымдылық танытты. Жалпы саны орташа 0,18 мың кл/см<sup>3</sup>, ал биомасса 0,017 мг/дм<sup>3</sup> болды. Сапроб индексі 1,82. Су класы – 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зоопланктон есептегі кезеңде орташа дамыды. Ескеаяқты шаяндар 58% құрап, басымдылық көрсетті. Талшық мұртты шаяндар 9%, домалақ құрттар 33% құрады. Орташа саны 1,09 мың дана/м<sup>3</sup>, биомассасы 6,79 мг/м<sup>3</sup>. Сапроб индексі 1,70, су класы – үшінші, яғни орташа ластанған.

Зерттелетін судағы тірі дафниялар саны 100% құрады. Тест-көрсеткіші - 0%. Биотестілеу кезінде алынған мәліметтер бойынша тест-нысанға уыттылық әсерін тигізбеді.

### **Қорғалжын көлдері**

#### **Шолақ көлі**

Фитопланктон негізін диатомды балдырлар құрады. Сапробиологоиялық талдауға сәйкес, су сынамаcында бета-мезосапробты организмдер басым кездесті. Жалпы орташа саны 0,57 мың дана/м<sup>3</sup>, ал биомассасы 0,057 мг/м<sup>3</sup>, су сынамаcындағы түрлер саны – 23. Сапроб индексі 1,84, яғни, 3 класс.

Зоопланктон бірлестігі орташа дамыған. Ескекаяқты шаяндар жалпы зоопланктон санының 74% құрады. Талшық мұртты шаяндар үлесіне - 6%, домалақ құрттар

үлесіне- 20% тиесілі болды. Жалпы саны 1,19 мың дана/м<sup>3</sup>, биомассасы 11,83 мг/м<sup>3</sup>. Олиго-бета-мезасапробты организмдер басым болды. Сапроб индексі 1,72.

Перифитон құрамы диатомды балдырлардың *Symbella*, *Diatoma*, *Epithemia*, *Rhopalodia*, *Tabellaria* түрлерінен құралды. Жасыл және көк-жасыл балдырлар сирек кездесті. Сапроб индексі 1,82, орташа ластанған су сапасын көрсетіп отыр. Су класы – 3.

Зообентос орташа дамыды. Мамыр айында өрекшітәрізділер (*Arachnida*)- *Hydrarachna geographica*, маусым ауында тек бауыраяқты ұлулар: *Lymnaea labra*, *L. palustris*, *L. stagnalis* и *L. Truncatula* басымдылық танытты. Биотикалық индекс – 5. Зообентосты зерттеу барысында, түпкі фауна орташа ластанған су сапасын көрсетті.

### **Есей көлі**

Фитопланктон жақсы дамыды. Диатомды балдырлар басым болып, жалпы биомассаның 51% құрады. Жалпы саны 0,47 мың дана/м<sup>3</sup>, ал биомассасы 0,058 мг/м<sup>3</sup>. Орташа сапроб индексі 1,87, яғни, 3 класс, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зоопланктон орташа дамыды. Түр құрамы зоопланктон топтарының барлық түрлерінен құралды. Ескекаяқты шаяндар басым кездесіп, жалпы планктон санының 63% құрады. Талшық мұртты шаяндар 16%, домалақ құрттар 21% кездесті. Жалпы саны 0,76 мың дана/м<sup>3</sup>, биомассасы 8,14 мг/м<sup>3</sup>. Бета-мезасапробты организмдер басым болды. Сапроб индексі 1,71. Су сапасы орташа ластанған.

Перифитонда диатомды балдырлар мен көк-жасыл балдырлар басым кездесті. Диатомды балдырлардың ішінен жиі кездесетіндері: *Amphora*, *Epithemia*, *Navicula*, *Rhoicosphenia*. Көк-жасыл балдырлардың тығыздығы төмен болды. 2-тоқсанда сапроб индексі 1,89, яғни, 3 класс.

Есей өзенінің бентос құрамы бауыраяқты ұлулардың: *Gyraulius albus*, *L. ovata*, *L. truncatula*, *Planorbis complanata*, *Pl. Vortex* түрлерімен ерекшеленді. Биотикалық индекс - 5ке тең болып, үшінші класқа сәйкес, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

### **Сұлтанкелді көлі**

Фитопланктон орташа дамыған. Саны мен биомасса жағынан диатомды балдырлар басым түсті. Орташа жалпы саны 0,18 мың дана/м<sup>3</sup>, ал биомассасы 0,024 мг/м<sup>3</sup>. Су сынамасында 11 түрі кездесті. Сапроб индексі 1,75. Фитопланктон бойынша су сапасы орташа ластанған .

Есептегі айда зоопланктон бірлестігі орташа дамыған. Су сынамасында зоопланктонның барлық топтары кездесті. Жалпы зоопланктон санының 45% домалақ құрттар құрап, басымдылық танытты. Сынамадағы орташа түр саны – 3. Зоопланктон саны 1,63 мың дана/м<sup>3</sup>, биомассасы 10,8 мг/м<sup>3</sup>. Сапроб индексі 1,51-1,79 аралығында болып, орташа 1,65 көрсетті. Жалпы көл бойынша су сапасы орташа ластанған. Су класы – 3.

Перифитон жақсы дамып, диатомды, жасыл, көк-жасыл және эвгленалы балдырлардың әртүрлілігімен құралды. Диатомды балдырлардан: *Cocconeis*,

*Diatoma*, *Synedra*, *Rhoicosphenia* және тағы басқалары, су сынамадағы кездесу жиілігі 7-9; көк-жасыл балдырлардан: *Chroococcus*, *Cosmarium*, *Crucigenia* және *Pediastrum*, көк-жасыл балдырлар ішінен: *Coela sphaerium*, *Gomphosphaeria*, *Merismopedia*, *Microcystis* түрлері кездесті. Эвгленалылардан *Phacus triqueter* түрі болды. Орташа сапроб индексі 1,75. Орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зообентос сынамасында бауыраяқты ұлулар (*Gastropoda*), гидралар (*Hydrozoa*), шаянтәрізділер (*Crustacea*), жылғалықтар (*Trichoptera*) кездесті. Биотикалық индекс - 5-ке тең болып, су орташа ластанған сапасын көрсетті.

### **Қоқай көлі**

Фитопланктон жақсы дамыған. Диатомды балдырлар басым болып, жалпы биомассаның 85% құрады. Жалпы орташа саны 0,37 мың кл/см<sup>3</sup>, жалпы биомассасы 0,032 мг/дм<sup>3</sup> тең болды. Сынамадағы түр саны - 15. Сапроб индексі 1,75. Су класы – үшінші, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зоопланктон орташа дамыды. Су сынамасында сан жағынан ескекаяқты шаяндар 58% көрсетіп, жалпы зоопланктон құрады. Талшық мұртты шаяндар 26%, ал домалақ құрттар 16% көрсетті. Орташа саны 1,25 мың дана/м<sup>3</sup>, биомассасы 10,14 мг/м<sup>3</sup>. Сапроб индексі 1,57-1,59 аралығында болды. Су сапасының класы - үшінші класқа сәйкес болды. Орташа ластанған.

Перифитон бірлестігі диатомды балдырлардың *Diatoma elongatum*, *Navicula rhynchoccephala*, *Rhoicosphenia curvata*, *Surirella spiralis* түрлерінен құралған. Жасыл және көк-жасыл балдырлар ырбір данадан ғана кездесті. Орташасапроб индексі 1,79. Су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зообентосты зерттеу кезінде бауыраяқты ұлулардың *Lymnaea ovata*, *L. truncatula*, *Planorbis complanata*, *Pl. Planorbis* түрлері кездесті. Вудивиссу бойынша биотикалық индекс 5-ке тең. Су класы үшінші, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

### **Теңіз көлі**

Фитопланктон нашар дамыған. Саны мен биомассасы жағынан диатомды балдырлар басымдылық танытып, жалпы биомассаның 72% құрады. Жалпы орташа саны 0,13 мың кл/см<sup>3</sup>, жалпы биомассасы 0,014 мг/дм<sup>3</sup> тең болды. Сынамадағы түр саны - 8. Сапроб индексі 1,85. Орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зоопланктон нашар дамыды. Су сынамасында арасында сапроб индексі жоқ *Naupacticoidea* отрядының өкілдері кездесіп отырды. Бірақ көбінесе су сынамасы бос болды.

Перифитон бірлестігі нашар дамыды. Диатомды және көк-жасыл балдырлар басым кездесті. Зерттеу кезеңінде жасыл балдырлар кездеспеді. Диатомды балдырлардан *Amphora*, *Gyrosigma*, *Nitzschia*, *Surirella* сияқты түрлері кездесті. Ал көк-жасыл балдыр ішінен: *Anabaena*, *Gloeocapsa*, *Nodularia*, *Oscillatoria* туыстарының өкілдері жиі кездесіп отырды. Орташа сапроб индексі 1,87 құрады. Үшінші класқа сәйкес, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Зообентос нашар дамыды. Тек шаянтәрізділердің (Crustacea) Harpacticoida отряды ғана кездесті. Биотикалық индекс 5-ке тең. Су класы – үшінші.

### **Балқаш көлі**

Фитопланктонның көктемгі, жазғы кезеңдері диатомды балдырлардан құралды. Жасыл, көк-жасыл және өзге балдыр түрлері сирек кездесті. Осы зерттеу кезеңінде көл бойынша жалпы сан  $0,042$  мың кл/см<sup>3</sup>, жалпы биомассасы  $0,006$  мг/дм<sup>3</sup> тең болды. Сапроб индексі  $1,66$  құрады. Су класы үшінші, сапасы орташа ластанған.

Зоопланктон зерттелген аймақта тұрақты дамыды. Ескекаяқты шаяндар басымдылық көрсетіп, жалпы зоопланктон санының  $100\%$  құрады. Сынамадағы түр саны - 4. Орташа саны  $13,94$  мың дана/м<sup>3</sup>, биомассасы  $139,75$  мг/м<sup>3</sup>. Сапроб индексі  $1,70-1,79$  аралығында болды. Су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Алынған биотестілеу нәтижесі бойынша, Балқаш көлінің тест – көрсеткіші берілген пунктерде келесі нәтижелерді көрсетті: Оңтүстік бөлік, Іле өзенінің сағасынан  $22$  км –  $0\%$ , оңтүстік бөлік, мыса Қарағаштың солтүстік жағалауынан  $15,5$  км –  $0\%$ , Балқаш қаласы, А  $175^\circ$  ОГП-ның солтүстік жағалауынан  $8,0$  км –  $1,5\%$ , Балқаш қаласы, А  $175^\circ$  ОГП-ның солтүстік жағалауынан  $20,0$  км –  $0\%$ , Балқаш қаласы, А  $175^\circ$  ОГП-ның солтүстік жағалауынан  $38,5$  км –  $0\%$ , Тараңғалық шығанағы, А  $130^\circ$  қалдыққойманың солтүстік жағалауынан  $2,5$  км –  $0\%$ , Тараңғалық шығанағы, А  $130^\circ$  қалдыққойманың солтүстік жағалауынан  $0,7$  км –  $1,5\%$ , бұқта Бертыс, А  $210^\circ$  Зеленый аралынан  $6,5$  км –  $1,5\%$ , бұқта Бертыс, А  $107^\circ$  ТЭЦ б.а.с.шығ/ның батыс жағалауынан  $3,1$  км –  $1,5\%$ , бұқта Бертыс, А  $107^\circ$  ТЭЦ б.а.с.шығ/ның батыс жағалауынан  $1,2$  км –  $1,5\%$ , Кіші Сарышаған шығанағы, А  $128^\circ$ АО "Балқашбалық" б.а.с.шығ/ның батыс жағалауынан  $1,0$  км –  $0\%$ , Кіші Сарышаған шығанағы, А  $128^\circ$ АО "Балқашбалық" б.а.с.шығ/ның батыс жағалауынан  $2,3$  км –  $0\%$ , Сары-Есік түбегі –  $0\%$ , Алғазы аралы –  $0\%$ , Солтүстік-Шығыс бөлігі, Қаратал өзенінің сағасынан  $5,5$  км –  $0\%$ . Алынған мәліметтерге сәйкес, өзен суы тест-нысанға уытты әсер етпейді (7-қосымша).

### **8.14 Қарағанды облысының радиациялық гамма-фоны**

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күн сайын жергілікті 9 метеорологиялық стансада (Балқаш, Жезқазған, Қарағанды, Керней, Қарқаралы, Сары-шаған, Жанаарқа, Киевка Родниковский ауылы) және Қарағанды қаласының (№6 ЛББ) мен Теміртау қаласының (№2 ЛББ) 2 автоматты бекеттерінде бақылау жүргізілді (8.10-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні  $0,03 - 0,42$  мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні  $0,16$  мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

## 8.15 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 3 метеорологиялық станцияда (Балқаш, Жезқазған, Қарағанды) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (8.10-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,9 – 2,0 Бк/м<sup>2</sup> шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,2 Бк/м<sup>2</sup>, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



8.10 сур. Қарағанды облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

## 9 Қостанай облысының қоршаған орта жай-күйі


### 9.1 Қостанай қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (9.1-сур., 9.1-кесте).

9.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекеттің нөмірі	Іріктеу мерзімі	Бақылаулардың өткізуі	Бекеттің мекенжайы	Анықталғыш қоспа
1	тәулікте 3 рет	қол күшімен сынама алынатын бекеттер (дискретті әдістер)	Қайырбеков көшесі, 379; тұрғын ауданы	қалқыма бөлшектері (шаң) күкірт диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді
3			Досжанова көш-сі 43, қала орталығы	
2	Әр 20 минут	үздіксіз режимде	Бородина көшесі 142 үйдің ауданында	PM-10 қалқыма бөлшектері, көміртек оксиді, азот диоксиді және оксиді, күкірт диоксиді, гамма сәулелену қуаттылығының эквиваленттік дозасы
4			Маяковского көшесі - Вольнова	



9.1-сурет. Қостанай қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық желісінің бақылау деректері бойынша (сурет 9.1), атмосфералық ауа ластануының деңгейі **көтеріңкі деңгеймен** бағаланды, СИ = 2 (көтеріңкі деңгей) күкірт диоксиді бойынша және ЕЖҚ=2% (көтеріңкі деңгей) азот оксиді бойынша №2 бекет

аумағында (Бородина көшесі №142 үйдің ауданында) мәндерімен анықталды (сурет. 1.2).

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

PM-2,5 қалқыма бөлшектерінің максималды-бір реттік шоғырлары – 2,30 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, PM-10 қалқыма бөлшектері – 1,2 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азот диоксиді – 2 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкірт диоксиді – 2,4 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, көміртеқ оксиді – 2,2 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азот оксиді – 1,0 ШЖШ<sub>м.б.</sub> басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Ауаның жоғары ластануы (ЖЛ) және экстремалді жоғары ластануы (ЭЖЛ) байқалмады.


## 9.2 Рудный қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (9.2-сур., 9.2-кесте).

9.2- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекеттің нөмірі	Іріктеу мерзімі	Бақылаулардың өткізуі	Бекеттің мекенжайы	Анықталғыш қоспа
5	Әр 20 минут	үздіксіз режимде	Молодой Гвардии көшесі	PM-10 қалқыма бөлшектері, көміртеқ оксиді, азот диоксиді және оксиді, күкірт диоксиді, гамма сәулелену қуаттылығының эквиваленттік дозасы
6			Мешіт қасында	



9.2-сурет. Рудный қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық торабының бақылау деректемелері бойынша (сурет 9.2), атмосферлық ауа ластануының деңгейі **көтеріңкі деңгеймен** бағаланды, СИ = 4 (көтеріңкі деңгей) және ЕЖҚ=1% (көтеріңкі деңгей) азот диоксиді бойынша № 5 бекет ауданында (Молодая Гвардия көшесімен -4 түйықтың бұрышы) белгілеуімен анықталды (сурет. 1, 2).

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Азот диоксидінің максималды-бір реттік шоғырлары – 4 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азот оксиді – 1,3 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауадағы жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталмады.


### 9.3 Қарабалық кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (9.3-сур., 9.3-кесте).

9.3- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекеттің нөмірі	Іріктеу мерзімі	Бақылаулардың өткізуі	Бекеттің мекенжайы	Анықталғыш қоспа
13	Әр 20 минут	үздіксіз режимде	Гагарин көшесі, 40 «А»	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, аммиак, азот диоксиді және оксиді, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, күкіртті сутек, озон (жербетті)



9.3 сур. Қарабалық кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық торабының бақылау деректері бойынша (сурет 9.3), атмосферлық ауа ластануының деңгейі **көтеріңкі деңгеймен** бағаланды,  $EЖҚ=1\%$  (көтеріңкі деңгей) және  $СИ = 1$  (төмен деңгей) мәнімен (сурет 1,2 ) күкіртті сутегі бойынша анықталды.

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Күкіртті сутегінің максималды-бір реттік шоғырлары– 1 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауадағы жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталмады.

#### 9.4 Лисаковск қаласы бойынша бақылаудың кездейсоқ мәліметі бойынша атмосферлық ауа ластануының жай-күйі

Лисаковск қаласының атмосфералық ауа жай - күйіне бақылаулар 1 нүктеде (Лисаковск қ. - №1 нүкте) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектері (шаң), күкірт диоксиды, көміртек оксиді, азот диоксиды, азот оксиді, күкірт сутегі және озон өлшенді.

Бақылау негіздері бойынша барлық ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (9.4 кестесі).

Лисаковск қаласының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың  
максималды шоғыры

Анықталатын қоспалар	Сынама нүктелер	
	№1	
	q <sub>m</sub> мг/м <sup>3</sup>	q <sub>m</sub> /ШЖШ
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,01	0,02
Азот диоксиді	0,00	0,00
Күкірт диоксиді	0,20	0,40
Көміртегі оксиді	0,10	0,00
Азот оксиді	0,01	0,03
Сутегі күкірті	0,00	0,00
Озон	0,01	0,04

**9.5 Жітіқара қаласының эпизодтық бақылау деректері бойынша  
атмосфералық ауа жай-күйі**

Жітіқара қаласының атмосфералық ауаның ластануына бақылау 1 нүктеде (№1 – Жітіқара қ.) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксиді, сутегі күкірті және озон өлшенді.

Бақылау негіздері бойынша Жітіқара қаласында күкірт диоксидінің максималды-бір реттік шоғырлары 1,0 ШЖШ, күкіртті сутек 2,7 ШЖШ құрады. Басқа ластаушы заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырдан аспады (9.5-кесте).

Жітіқара қаласының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың  
максималды шоғыры

Анықталатын қоспалар	Сынама нүктелер	
	№1	
	q <sub>m</sub> мг/м <sup>3</sup>	q <sub>m</sub> /ШЖШ
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,06	0,12
Азот диоксиді	0,00	0,02
Күкірт диоксиді	0,50	1,0
Көміртегі оксиді	0,80	0,20
Азот оксиді	0,31	0,77
Күкіртті сутек	0,021	2,7
Озон	0,02	0,04

## 9.6 Арқалық қаласының эпизодтық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауа жай-күйі

Арқалық қаласының атмосфералық ауа жай - күйіне бақылаулар 1 нүктеде (Арқалық қ. - №1 нүкте) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксиді, сутегі күкірті және озон өлшенді.

Бақылау негіздері бойынша барлық ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (9.6-кесте).

9.6-кесте

Арқалық қаласының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Анықталатын қоспалар	Сынама нүктелер	
	№1	
	q <sub>m</sub> мг/м <sup>3</sup>	q <sub>m</sub> /ШЖШ
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,09	0,18
Азот диоксиді	0,10	0,50
Күкірт диоксиді	0,46	0,93
Көміртегі оксиді	0,90	0,20
Азот оксиді	0,00	0,00
Сутегі күкірті	0,001	0,13
Озон	0,07	0,41

## 9.7 Заречный кентінің эпизодтық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауа жай-күйі

Заречный кентінде атмосфералық ауаның ластануына бақылау 1 нүктеде (№1 – Заречный кенті) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксиді, сутегі күкірті және озон өлшенді.

Бақылау негіздері бойынша барлық ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (9.7-кесте).

9.7-кесте

Заречный кентінің бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Анықталатын қоспалар	Сынама нүктелер	
	№1	
	q <sub>m</sub> мг/м <sup>3</sup>	q <sub>m</sub> /ШЖШ
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,04	0,08
Азот диоксиді	0,00	0,00
Күкіртдиоксиді	0,50	0,99

Көміртегіоксиді	0,10	0,00
Азот оксиді	0,02	0,04
Сутегі күкірті	0,000	0,00
Озон	0,01	0,04

### 9.10 Қостанай облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасы

Қостанай облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасын бақылау 11 су нысанында (Тобыл, Әйет, Тоғызак, Үй, Обаған, Желкуар, Қараторғай өзендері, Аманкелді, Қаратомар, Жоғарғы Тобыл, Шортанды су қоймаларында) өткізілді.

Бірыңғай классификация бойынша судың сапасы келесідей бағаланады:

#### **Тобыл өзені:**

-Аққарға а. тұстамасы, ауылдан ОШ қарай 1 км г/б жармасында: судың сапасы нормаланбайды (>5 класс): кальций 326,1 мг/л, магний – 350,4 мг/л, минерализация – 3669,2 мг/л, хлоридтер – 755,4 мг/л. Кальций, магний, минерализация, хлоридтердің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

-Гришенка а. тұстамасы, ауылдан 0,2 км төмен г/б тұстамасы: судың сапасы 4 класқа жатады: магний- 40,9 мг/л, қалқыма заттар-27,16 мг/л, темір (2+)- 0,014 мг/л. Магний, темір (2+) мен қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан аспайды.

-Қостанай қ. тұстамасы, Қалсуарна Басқармасы 1 км жоғары: су сапасы 4 класс: темір <sup>2+</sup> – 0,015 мг/л, магний – 42,4 мг/л. Магний концентрациясы фондық кластан асады, темір <sup>2+</sup> концентрациясы фондық кластан аспайды.

-Қостанай қ. тұстамасы: Қостанай қ. 10 км төмен судың сапасы 4 класс: магний – 40,7 мг/л, темір <sup>2+</sup> – 0,025 мг/л. Магний нақты концентрациясы фондық кластан асады.

-Милютинка а. тұстамасы, ауыл шетінде, г/б жармасында: су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқымалы заттар – 40,2 мг/л. Қалқымалы заттар нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Тобыл өзенінің ұзындығы бойынша судың температурасы 0,1<sup>0</sup>С - 20,4<sup>0</sup>С, барлық жармадағы сутегі көрсеткіші 6,86-8,12, суда еріген оттегі концентрациясы 7,52-11,25 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> -0,7-3,64 мг / дм<sup>3</sup>.

Тобыл өзенінің ұзындығы бойынша судың сапасы нормаланбайды (>5 класс): магний – 103,8 мг/л.

#### **Әйет өзені**

Әйет өзенінде судың температурасы 1,8- 16,3 °С деңгейде, сутегі көрсеткіші 7,78-8,44 тең, судағы еріген оттегінің концентрациясы 9,85мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 2,84 мг/дм<sup>3</sup>, иісі -0 балл.

- Варваринка а. тұстамасы, ауылдан 0,2 км жоғары, г/б жармасында: су сапасы 5 класс: никель – 0,131 мг/л. Никельдің концентрациясы фондық кластан асады.

#### **Обаған өзені**

Обаған өзенінде су температурасы 5,6-15,0 °С, сутегі көрсеткіші – 7,17-8,26, еріген оттегінің концентрациясы – 6,25-7,97 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 2,85-5,88 мг/дм<sup>3</sup>.

-Ақсуат а. тұстамасы, ауылдан 4 км г/б тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): ОХТ – 43,3 мг/л, жалпы темір- 0,51 мг/л. Жалпы темірдің және ОХТ нақты концентрациялары фондық кластан асады.

**Тоғызак** өзенінде судың температурасы 0,2 °С – 18,4 °С деңгейде, сутегі көрсеткіші 7,28-8,18 тең, еріген оттегінің концентрациясы - 9,55-12,11 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 1,17-4,51 мг/дм<sup>3</sup>, түстілік -6-40 градус, иісі -0 балл.

- Тоғызак а. тұстамасы, Тоғызак ст.СБ 1,5 км, г/б тұстамасында судың сапасы 5 класс: никель – 0,151 мг/л. Никельдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

#### **Үй өзені**

**Үй өзенінде** судың температурасы 0,1 °С – 15,2 °С деңгейде, сутегі көрсеткіші 7,38-8,42 тең, еріген оттегінің концентрациясы – 8,91-9,7 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 3,25-3,31 мг/дм<sup>3</sup>, иісі -0 балл.

- Уйское а. тұстамасы, Уйское а Ш қарай 0,5 км, г/б тұстамасында су сапасы 5 класс: никель- 0,122 мг/л. Никельдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

#### **Желқуар өзені**

**Желқуар өзенінде** судың температурасы 1,2 – 15 °С деңгейде, сутегі көрсеткіші 7,33-8,19 тең, еріген оттегінің концентрациясы – 7,81-12,61 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,2-2,52 мг/дм<sup>3</sup>.

Чайковское а тұстамасы, ауылдан ОШ қарай 0,5 км, г/б тұстамасында: су сапасы 5 класс: никель– 0,164 мг/л. Никельдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

#### **Аманкелді су қоймасы**

**Аманкелді су қоймасында** судың температурасы 0,1-12,9 °С деңгейде, сутегі көрсеткіші – 6,8-8,16 тең, суда еріген оттегінің концентрациясы – 7,82-10,48мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 1,17-3,65 мг/дм<sup>3</sup>.

Қостанай қ. тұстамасы: Қостанай қ. ОБ қарай 8 км, г/б жармасында су сапасы 5 класс: никель-0,113 мг/л. Никельдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

#### **Қаратамар су қоймасы**

**Қаратамар су қоймасында** судың температурасы 0,1-12,9 °С деңгейде, сутегі көрсеткіші 7,07-8,49 тең, судағы еріген оттегінің концентрациясы 7,19-8,91 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 0,7-2,25 мг/дм<sup>3</sup>.

-Береговое а, су қойма гидро құрылысынан ОБ қарай 3,6 км, г/б тұстамасында су сапасы 5 класс: никель0,103 -мг/л. Никельдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

#### **Жоғарғы тобыл су қоймасы**

**Жоғарғы Тобыл су қоймасында** судың температурасы 0,1-12,8 °С деңгейде, сутегі көрсеткіші – 6,93-8,61 тең, еріген оттегінің концентрациясы – 8,29-8,59 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,54-2,41 мг/дм<sup>3</sup>.

-Лисаков қ.: Лисаков қ. Б қарай 5 км, г/б жармасында судың сапасы 5 класс жатады: никель – 0,124 мг/л, қалқыма заттар – 34,6 мг/л. Қалқыма заттардың нақты концентрациялары фондық кластан аспайды, никельдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

### **Шортанды су қоймасы**

**Шортанды су қоймасында** судың температурасы 0,1-18,0 °С деңгейде, сутегі көрсеткіші – 7,53-8,36 тең, еріген оттегінің концентрациясы – 7,34-12,66 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,97-1,45 мг/дм<sup>3</sup>.

-Жітіқара қ.: тұстамасы, көпір ауданында судың сапасы нормаланбайды (>5 класс): хлоридтер – 359,2 мг/л. Хлоридтердің нақты концентрациясы фондық кластан асады.

**Қараторғай өзені** судың температурасы 2,6-7,6 °С деңгейде, сутегі көрсеткіші – 7,98-8,29 тең, еріген оттегінің концентрациясы – 9,22-10,32 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,14-3,75 мг/дм<sup>3</sup>.

-Урпек а. тұстамасы, ауыл шетінде, г/б жармасында судың сапасы нормаланбайды (>5 класс): жалпы темір – 0,41 мг/л.

-Торғай а. тұстамасы, ауыл шетінде, г/б жармасында судың сапасы 4 класқа жатады: магний-40,2 мг/л, жалпы фосфор-0,5 мг/л, темір (2+) – 0,021 мг/л.

Қараторғай өзенінің ұзындығы судың сапасы нормаланбайды (>3 класс): темір<sup>2+</sup> – 0,02 мг/л.

Бірыңғай жіктеме бойынша Қостанай облысы аумағындағы 2019 жылғы 2 тоқсанда су объектілерінің су сапасы келесідей бағаланады: нормаланбайды (>3 класс): - Қараторғай өзені; 5 класс – Әйет, Тоғызақ, Үй, Желкуар өзендері және Амангелді, Қаратомар, Жоғарғы Тобыл су қоймалары; нормаланбайды (>5 класс): Тобыл, Обаған өзендері, Шортанды су қоймасы.

## **9.11 Қостанай облысының радиациялық гамма-фоны**

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 6 метеорологиялық стансада (Жітіқара, Қараменді, Қарасу, Қарабалық, Қостанай, Сарықол) және Қостанай қаласының (№2, №4 ЛББ), Рудный қаласының (№5 ЛББ) 3 автоматты бекетінде бақылау жүргізіледі (9.12 - сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,01-0,35 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,11 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

## **9.12 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы**

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Қостанай облысының аумағында 2 метеорологиялық станцияда (Жітіқара, Қостанай) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (9.12-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,6-2,1 Бк/м<sup>2</sup> шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,3 Бк/м<sup>2</sup>, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



9.12 сур. Қостанай облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

## 10 Қызылорда облысының қоршаған орта жай-күйі


### 10.1 Қызылорда қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3стационарлық бекетте жүргізілді (10.1-сур., 10.1-кесте).

10.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Төрекұлова көшесі 76	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртті сутегі
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Берденова көшесі, 6,	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді
3			Қойсары батыр к-сі	қалқыма бөлшектер (шаң),күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, формальдегид



10.1 сур. Қызылорда қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы



**көтеріңкі деңгей** болып бағаланды, СИ=2(көтеріңкі деңгей), және ЕЖҚ=6% (көтеріңкі деңгей) анықталды (1,2-сур.).

Жалпы кент бойынша озонның орташа шоғыры 2,56 ШЖШ<sub>о.т.</sub> анықталды, ал басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Озонның максималды-бірлік шоғыры 2,04 ШЖШ<sub>м.б.</sub> анықталды, басқа ластаушы заттардың максималды-бірлік шоғыры ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


### 10.3 Төретама кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (10.3-сур., 10.3-кесте).

10.3- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Мұратбаев көшесі, 51 «А»	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, формальдегид



10.3-сурет. Төретама кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (10.3-сур.) атмосфералық ауасының жалпы ластанудың **төмен деңгейі** болып бағаланды, СИ=0,98 және ЕЖҚ=0% анықталды (1,2-сур.).

Жалпы кент бойынша орташа айлық және максималды-бірлік ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

## 10.4 Қызылорда қаласы мен Қызылорда облысының атмосфералық ауа жай-күйі (экспедиция)

Атмосфералық ауаның жай-күйі Қызылорда қаласының 5 маршруттық бекеттерінде (оңтүстік өндірістік аймақ, солтүстік өндірістік аймақ, Бакалейторг аймағы, «Ақмешіт» шағын ауданы, Балабақша «Шугла») және Қызылорда облысының 4 ауданында (Жаңақорған, Шиелі, Қармақшы, Арал) алынған ауа сынамасына талдау жүргізілді. (1-сур).

Қызылорда қаласы бойынша атмосфералық ауаға жүргізілген маршруттық зерттеулер бойынша қалқыма заттардың, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің бар болуы норма шегінде болды (10.4-сурет, 10.4-кесте).



10.4 сур. Қызылорда қаласы бойынша экспедициялық бақылаудың маршруттық бекеттерінің орналасу сызбасы

2019 жылдың 2 тоқсанында Қызылорда облысы бойынша жүргізілген экспедициялық зерттеулер бойынша ластаушы заттардың шоғыры норма шегінде болды (10.5-кесте).

**2019 жылдың 2 тоқсанына Қызылорда қаласының экспедициялық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйіне сипаттама**

Нүктенің күні	Максимальді-бір реттік шоғыр, ШЖШ							
	Қалқыма заттар		Күкірт диоксиді		Азот диоксиді		Көміртегі оксиді	
	мг/м <sup>3</sup>	ШЖШ асу еселігі	мг/м <sup>3</sup>	ШЖШ асу еселігі	мг/м <sup>3</sup>	ШЖШ асу еселігі	мг/м <sup>3</sup>	ШЖШ асу еселігі
«Ақмешіт» шағынауданы	0,05	0,1	0,086	0,2	0,05	0,3	0,9	0,2
Солтүстік өндірістік аймағы	0,05	0,1	0,086	0,2	0,05	0,3	0,9	0,2
Бакалейторг аймағы	0,06	0,1	0,079	0,2	0,05	0,3	0,9	0,2
Балабақша «Шугла»	0,05	0,1	0,081	0,2	0,05	0,3	0,8	0,2
Оңтүстік өндірістік аймағы	0,04	0,1	0,047	0,1	0,05	0,3	0,9	0,2

**2019 жылдың 2 тоқсанына Қызылорда облысының эпизодтық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйіне сипаттама.**

Нүктенің күні	Максимальді-бір реттік шоғыр, ШЖШ							
	Қалқыма заттар		Күкірт диоксиді		Азот диоксиді		Көміртегі оксиді	
	мг/м <sup>3</sup>	ШЖШ асу еселігі	мг/м <sup>3</sup>	ШЖШ асу еселігі	мг/м <sup>3</sup>	ШЖШ асу еселігі	мг/м <sup>3</sup>	ШЖШ асу еселігі
Шиелі	0,05	0,1	0,159	0,3	0,08	0,4	1,0	0,2
Жанақорған	0,06	0,1	0,047	0,1	0,03	0,2	1,0	0,2
Қармақшы	0,04	0,1	0,042	0,1	0,04	0,2	0,9	0,2
Арал	0,03	0,1	0,052	0,1	0,04	0,2	1,0	0,2

## 10.5 Қызылорда облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Қызылорда облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасын бақылау 2 су нысанында (Сырдария және Арал теңізі) жүргізілді.

Бірінғай жіктеме бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

### **Сырдария өзені:**

- тұстама Төменарық бекеті, Түркістан қаласынан ОБ 46 км: су сапасы 4 классқа жатады: магний – 32,527 мг/л, минералдылық – 1502,877 мг/л, қалқыма заттар – 22,333 мг/л, сульфаты – 456,667 мг/л. Қалқыма заттар және магний концентрациясы фондық концентрация мәнінен асқан жоқ. Минералдылық және сульфат концентрациясы фондық концентрация мәнінен жоғары болды.

- тұстама Қызылорда қаласы, 3 км қаладан төмен: су сапасы 4 классқа жатады: магний – 32,51 мг/л, минералдылық – 1503,183 мг/л, сульфаты – 456,667 мг/л. Магний концентрациясы фондық концентрация мәнінен асқан жоқ. Сульфат және минералдылық концентрациясы фондық концентрация мәнінен жоғары болды.

- тұстама Қазалы қаласы, қаланың ОБ бөлігінен 3 км, су бекетінде: су сапасы 4 классқа жатады: магний – 30,503 мг/л, минералдылық – 1554,816 мг/л, сульфаты – 453,333 мг/л. Сульфат және магний концентрациясы фондық концентрация мәнінен асқан жоқ, минералдылық концентрациясы фондық концентрация мәнінен жоғары болды.

- тұстама Қызылорда қаласы, 0,5 км қаладан жоғары, 12 км су бекетінен төмен: су сапасы 4 классқа жатады: минералдылық – 1504,832 мг/л, сульфаты – 453,333 мг/л, магния – 34,533 мг/л. Магний концентрациясы фондық концентрация мәнінен асқан жоқ, сульфат және минералдылық концентрациясы фондық концентрация мәнінен жоғары болды.

- тұстама Жосалы кенті, су бекетінде: су сапасы 4 классқа жатады: магний – 40,637 мг/л, минералдылық – 1562,824 мг/л, сульфаты – 456,667 мг/л. Магний және сульфат концентрациясы фондық концентрация мәнінен асқан жоқ, минералдылық концентрациясы фондық концентрация мәнінен жоғары болды.

Тұстама Қаратерең ауылы, су бекетінде: Бірінғай жіктеме бойынша су сапасы 4 классқа жатады: магний – 28,493 мг/л, минералдылық – 1542,895 мг/л, сульфаты – 450 мг/л. Сульфат және магний концентрациясы фондық концентрация мәнінен асқан жоқ, минералдылық концентрациясы фондық концентрация мәнінен жоғары болды.

**Сырдария өзені бойымен:** өзен суының температурасы 8,47-21,65°C, сутектік көрсеткіштің орташа мәні 7,42-7,77, суда еріген оттегінің шоғыры 5,16-7,54 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ5 орта есеппен 0,98-1,6 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі 40,17-118,667, иісі барлық бекеттерде 0 балл.

Сырдария өзені бойы бойынша су сапасы 4 классқа жатады: магний – 33,201 мг/л, минералдылық – 1528,571 мг/л, сульфаты – 454,444 мг/л.

### **Арал теңізі:**

**Арал теңізі бойымен:**өзен суының температурасы 4,2-25,2°C, сутектік көрсеткіштің орташа мәні 6,6-7,6 суда еріген оттегінің шоғыры 4,18-6,23 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ5 орта есеппен 0,8-1,2 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі 5,0-22, иісі барлық бекеттерде 0 балл. - тұстама Арал қаласы, Кіші теңіз жоғарғы бьеф «Көкарал» гидропосты: Біріңғай жіктеме бойынша су сапасы бойынша 4 классқа жатады: магний – 44,713 мг/л, минералдылық – 1615,191 мг/л, сульфаты – 473,333 мг/л. Магний концентрациясы фондық концентрация мәнінен асқан жоқ, минералдылық және сульфат концентрациясы фондық концентрация мәнінен жоғары болды.

Қызылорда облысы аумағында су нысандарының Біріңғай жіктеме бойынша 2019 жылдың 2 тоқсанында су сапасы төмендегідай бағаланды: 4 класс- Сырдария өзені и Арал теңізі.

### **10.6 Эпизодтық бақылау деректері бойынша Қызылорда қаласының және Қызылорда облысының радиациялық гамма-фоны**

Қызылорда қаласы және Қызылорда облысы бойынша 2019 жылдың 2 тоқсанында радиациялық гамма-фон (экспозициялық доза қуаттылығы) шекті норма шегінде (0,08-0,16 мкЗв/сағ.) болды, бұл облыс тұрғындары үшін іс жүзінде қауіпті емес.

#### **Қызылорда облысы радиациялық гамма-фоны**

Наименование населенного пункта	Гамма-фон (мкЗв/ч) местности		
	Минималды	Максималды	Орташа
Шиелі	0,08	0,15	0,11
Жанақорған	0,09	0,16	0,13
Қармақшы	0,08	0,14	0,11
Арал	0,08	0,14	0,11

### **10.7 Қызылорда облысының радиациялық гамма-фоны**

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 3 метеорологиялық стансада (Қызылорда, Арал, Шиелі) және Қызылорда қаласының (№3 ЛББ), Ақай(№1 ЛББ) және Төретам(№1 ЛББ) кенттерінің3 автоматты бекетінде бақылау жүргізіледі (10.7 сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,05-0,29 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,12 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

## 10.8 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Қызылорда облысының аумағында 2 метеорологиялық станцияда (Арал теңізі, Қызылорда) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (10.7 сур.). Барлық станцияда бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,6-4,1 Бк/м<sup>2</sup> шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,3



10.7 сур. Қызылорда облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

## 11. Маңғыстау облысының қоршаған орта жай-күйі

### 11.1 Ақтау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (11.1-сур., 11.1-кесте).

11.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
3	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған	1 шағынаудан, № 3 мектеп аумағында	қалқыма бөлшектер (шаң),

		сынама(дискретті әдіс)		күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, аммиак, күкірт қышқылы
4			Микрорайон 12 № 22 мектеп аумағында	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, көмірсулар соммасы, аммиак, күкірт қышқылы
5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	12 шағын аудан	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, азот диоксиді, азотоксиді, күкірттісутек, аммиакозон(жербеті), көміртегі оксиді
